

Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 29 қыркүйек N 692. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2003.11.15. N 1228 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Кәсіпкерлер кеңесі құрылсын.

2. Қоса берілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі туралы ереже бекітілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 9 қ ы р к ү й е к т е г і

N 6 9 2 Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің ҚҰРАМЫ

Байменов	- "Меркур" ЖШС бас директоры
Есенғали Қанатбайұлы	
Байсейітов	- "Центркредит Банкі" ААҚ
Бақытбек Рымбекұлы	директорлар кеңесінің төрағасы
Баталов	- "Raimbek Group" ЖШС президенті
Райымбек Әнуарұлы	
Белович	- "Базис-А" корпорациясының
Александр Якубович	президенті
Жұмағұлов	- "Теңізмұнайқұрылыс" ААҚ
Төкен Танайұлы	директорлар кеңесінің төрағасы

Жамалов	- "Мырзакент" ААҚ президенті
Салдар Жамалұлы	
Исламов	- "Астана-қаржы" ААҚ
Кинталь Кинталевич	басқарма төрағасы
Кравченко	- "Беккер и Ко" БК бас директоры
Иван Михайлович	
Никитинская	- Қазақстан Республикасы Жұмыс
Екатерина Сергеевна	берушілер конфедерациясының
атқарушы директоры	
Попелюшко	- "Рахат" ААҚ президенті
Анатолий Весханович	
Сатылғанов	- "Қазақстан Халық банкі" ААҚ
Қайрат	басқармасының төрағасы
Алпамышұлы	
Сауэр	- "Агроорталық-Астана" ЖШС
Иван Адамович	бас директоры
Сейфуллин	- "Фудмастер" ААҚ бас директоры
Сәкен Орынбекұлы	
Сұбханбердин	- "Қазкоммерцбанк" ААҚ басқарма
Нұржан Сәлкенұлы	төрағасы
Сырғабеков	- "Акцепт" корпорациясы" ЖАҚ
Ескендір Нариманұлы	президенті
Тұрсынов	- "Қарасу" ААҚ президенті
Алмат Жанәбілұлы	
Мәсімов	- Қазақстан Республикасы
Кәрім	Премьер-Министрінің
Қажымқанұлы	орынбасары,
Есенбаев	- Қазақстан Республикасының
Мәжит Төлеубекұлы	Индустрия және сауда министрі
Әбдіғапаров	- "Қазақстан халықаралық
Сағадат	инвестиция-инновациялық қаржы
Едігеұлы	компаниясы" ЖАҚ президенті,
Қожахметов	- "Әсем" ЖШС президенті;
	Т а л ғ а т
Базарбайұлы	

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.05. N 915
ж а р л ы ғ ы м е н .

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Президентінің 2002.10.18. N 967
жарлығымен .

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2001 жылғы 29 қыркүйектегі
N 692 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) елді дамыту үшін отандық ірі бизнестің әлеуетін жұмылдыру;
- 2) отандық инвестицияларды пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау болып табылады.

3. Кеңестің функциялары

4. Кеңеске негізгі міндеттеріне сәйкес мынадай функциялар:

- 1) іскерлік белсенділікті ынталандыру және отандық инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шараларды айқындау;
- 2) экономиканың құрылымдық реформалары жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау жүктеледі.

4. Кеңестің құқықтары

5. Кеңес жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын орындау үшін:

- 1) инвестицияларды тарту, кәсіпкерлікті және жаңа технологияларды дамыту

мәселелерін

қарайды;

2) қаралған мәселелер бойынша шешім қабылдайды, олар хаттамалармен ресімделеді;

3) қажет болған жағдайда өз жұмысына қатысу үшін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ басқа да ұйымдардың басшыларын шақырады.

5. Кеңес жұмысын ұйымдастыру

6. Қазақстан Республикасының Президенті Кеңестің Төрағасы болып табылады.

7. Кеңестің құрамына мемлекеттік органдардың басшылары мен өзге де лауазымды тұлғалары, сондай-ақ отандық ірі бизнес өкілдері кіреді.

8. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9. Кеңестің отырыстары қажеттігіне қарай жылына кемінде бір рет, Кеңес Төрағасы айқындаған мерзімде өткізіледі.

10. Кеңес мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

11. Кеңестің шешімдері Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Премьер-Министрінің, орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың актілерін шығару арқылы іске асырылуы мүмкін.

12. Кеңестің қызметін ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз етуді, сондай-ақ Кеңес отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен қажетті материалдарды дайындауды Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2003.03.03. N 1036 жарлығымен.